

«Бекітемін»  
Арал аудандық  
білім бөлімінің  
басшысы  
\_\_\_\_\_ С.Жанназарова  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 ж.  
№1-қосымша

**Арал аудандық білім бөлімінің  
«№281 негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
қамқоршылық кеңес құрамы**

- |                          |                                   |
|--------------------------|-----------------------------------|
| 1. Дабылов Темирбек      | Қамқоршылық кеңес төрағасы        |
| 2. Жолмырзаев Дәурен     | Учаскелік полиция инспекторы      |
| 3. Узақов Батыржан       | Аудандық мәслихат депутаты        |
| 4. Таңатов Ләззат        | Жеке кәсіпкер                     |
| 5. Есімов Жанабай        | Ата-ана қамқоршылық кеңес мүшесі  |
| 6. Тілеков Диас          | Оқушылар парламенті президенті    |
| 7. Жолмырзаева Алтынай   | Ата-ана қамқоршылық кеңес мүшесі  |
| 8. Самұратов Бақытбек    | Ата-ана қамқоршылық кеңес мүшесі  |
| 9. Унтаев Үржан          | Ата-ана қамқоршылық кеңес мүшесі  |
| 10. Жалиев Алдакыяр      | Ата-ана қамқоршылық кеңес мүшесі  |
| 11. Рамашова Эльмира     | Ата-ана қамқоршылық кеңес мүшесі  |
| 12. Тлеумбетов Айболат   | Ата-ана қамқоршылық кеңес мүшесі  |
| 13. Абдрахманов Жасболат | Ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі |

Арал аудандық білім бөлімі бойынша  
«№ 281 негізгі мектебі» КММ  
Қамқоршылық кеңесінің отырысы  
Хаттамасы №1

28.09.2023 жыл

**Күн тәртібінде:**

1. № 281 негізгі мектебі КММ-де 2023 – 2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес мүшелеріне қамқоршылық кеңес заңнамаларымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің төрағасын, мүшелерін, хатшысын жаңа құрамын қайта бекіту, сайлау.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Жолмырзаева сөз алды. Орта білім беру ұйымдарында, оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі

Ескерту. Бұйрық 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Оқу – ағарту министрінің м.а. 1.03.2023 №56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Орта білім бер ұйымдарында оның ішінде мамандандырылған және арнайы білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44 – бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың ата – аналары немесе заңды өкілдері (әрбір сынып параллелінен осы білім беру ұйымындағы білім алушылардың бір ата – анасы немесе заңды өкілі) – 11 адамнан аспайды;
- 2) педагогикалық еңбек ардагерлері (бар болса) – 1 адам;
- 3) жергілікті өкілді және атқарушы немесе құқық қорғау органдарының өкілдері – 1-3 адам;
- 4) үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың өкілдері – 1 – 2 адам;
- 5) қайырымдылық жасаушылар немесе меценаттар (бар болса) – 1 адам;
- 6) бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері (бар болса) – 1 адам;
- 7) оқушылық өзін-өзі басқару органдарының өкілдері – 1-2 адам.

Қамқоршылық кеңестің құрамы кандидаттарынан алынған ұсыныстарымен өтінімі негізінде 2023 – 2026 жылдарға қайта сайланып отыр.